KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ
ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ
ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

**31 Тамыз – 04 Қыркүйек, 2026**

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне Citigroup Global Markets Holdings Inc. XS3332085805 (CITI_KZe3) және XS3331949530 (CITI_KZe4) халықаралық облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің US91282CMC28 (US201_3112) халықаралық облигациялары, "СЕНІМ-VMY" МҚҰ" ЖШС-ның KZ2P00019086 (MFSMpp1), "ASIA PARK" ("АЗИЯ ПАРК") ЖШС-ның KZ2P00019359 (ASPKpp3), "BI Property" ЖШС-ның KZ2P00019342 (BIPGb1), "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС-ның KZ2P00019573 (MFAFb18), "Ломбард Goldencapital.kz" ЖШС-ның KZ2P00019409 (MFGCpp2) және KZ2P00019417 (MFGCpp3) облигациялары, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС облигацияларының алты шығарылымы, Nebius Group N.V. NL0009805522 (NBIS_KZ) және Sandisk Corporation US80004C2008 (SNDK_KZ) жай акциялары енгізілді.
- KASE-де "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" АҚ-тың XS3329272481 (BTRKe4), XS3329277019 (BTRKe5) және XS3358410002, US05709XAA81 (BTRKe6) халықаралық облигацияларымен, "ҚазАгроҚаржы" АҚ-тың KZ2C00017143 (KAFIb20), "GoldFinMarket" ломбарды" ЖШС-ның KZ2P00015787 (MFLGb24) және KZ2P00017056 (MFLGb25), "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-тың KZ2C00018851 (AGKKb24) облигацияларымен және екі атаудағы жай акциялармен сауда-саттық ашылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 16,3 млн KZK200000737 (MOM060_0054) МЕОКАМ, 40,7 млн KZKF00000020 (MTC048_0002) МЕТИСКАМ және 80,0 млн KZKD00001178 (MUM144_0009) МЕУКАМ орналастырды.
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС KZ2P00016512 (CLSGb12) облигацияларын орналастырып, 339,3 млн KZT тартты.
- "Bereke Bank" АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) KZ2C00019362 (BERKb21) облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд KZT тартты.
- "Bereke Bank" АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) KZ2C00019388 (BERKb22) облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд KZT тартты.
- "Bereke Bank" АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) KZ2C00019396 (BERKb23) облигацияларын орналастырып, 100,0 млрд KZT тартты.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00014876 (KFUSb97) облигацияларын орналастырып, 9,7 млрд KZT тартты.
- "ЛОТТЕ Рахат" АҚ-тың KZ000A1CTMZ4 (RAHT) 968 жай акциясы бір акция үшін 16 000,00 KZT бағамен сатып алынды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2026 жылғы 24-28 тамыз аралығында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат ұсынды.
- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің қордың рейтингін көтергенін хабарлады, болжам - "Тұрақты".
- Fitch Ratings агенттігі Jet Group Ltd компаниясына "B" рейтингін берді, болжам - "Тұрақты".
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ Fitch Ratings агенттігінің қоғамның рейтингтерін растағанын хабарлады, болжам - "Тұрақты".
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің компания рейтингін "BBB" деңгейіне дейін көтергенін хабарлады, болжам - "Тұрақты".
- "Еуразиялық банк" АҚ Moody’s Ratings агенттігінің банктің рейтингтерін растағанын хабарлады, болжам - "Тұрақты".
- Анонс: 09 қыркүйекте "Bank RBK" Банкі" АҚ 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша жаһандық конференц-қоңырау өткізеді.
- "ҚазТрансОйл" АҚ алғаш рет Қырғыз Республикасына мұнайдың транзиттік жеткізілімін жүзеге асырды.
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ және KazMunaiGaz Finance Sub B.V. XS1807300105, US48667QAQ82 (KMGZe14) халықаралық облигацияларына қатысты тендерлік ұсыныстың алдын ала нәтижесін жариялады.
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ Гонконг қор биржасында 3,5 млрд Қытай юані сомасына облигацияларды сәтті орналастырды.

**04.09.2026** **Трендтер (%)**

| KASE Индексі | 8 111,85 | -0,2 | 3,0 |
|---|---|---|---|
| | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| Intel Corporation | 95,0 | 6,4 | -5,2 |
| NVIDIA Corp. | 233,0 | 4,7 | 11,0 |
| Pfizer Inc. | 28,7 | 3,1 | 12,4 |
| АО "KEGOC" | 1 490,0 | 1,9 | 2,9 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 475,0 | 1,4 | -9,5 |
| PayPal Holdings Inc. | 54,8 | 1,3 | -5,7 |
| Bank of America Corporation | 62,8 | 1,2 | 0,0 |
| АО Kaspi.kz | 48 901,0 | 1,1 | 14,1 |
| АО "Казахтелеком" | 45 250,0 | 1,0 | 4,2 |
| АО "КазТрансОйл" | 1 198,0 | 0,7 | 7,3 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 35 200,0 | 0,3 | 1,6 |
| Apple Inc. | 320,9 | -0,1 | 4,7 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 4 789,0 | -0,2 | -0,8 |
| AT&T Inc. | 25,9 | -0,3 | 9,6 |
| Freedom Holding Corp. | 163,5 | -0,3 | 7,6 |
| АО "KM GOLD" | 59,1 | -0,5 | 0,7 |
| АО "Кселл" | 3 168,2 | -0,7 | -1,3 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 387,7 | -0,8 | 0,4 |
| Tesla, Inc. | 353,4 | -1,0 | 8,5 |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 34 486,0 | -1,2 | 7,0 |
| АО "ForteBank" | 11,3 | -1,6 | 12,7 |
| АО "Эйр Астана" | 694,8 | -1,9 | -0,2 |
| Microsoft Corporation | 501,6 | -2,9 | 9,0 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




KASE Индексі ағымдағы аптаны айқын серпінсіз аяқтап, 0,2% төмендеді.

Ең жоғары өсімді "KEGOC" АҚ акциялары көрсетті, олар 1,9% қымбаттады.

Мұнай-газ секторының бағалы қағаздары да оң серпін көрсетті: "ҚазТрансОйл" АҚ акциялары 0,7%, ал "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ акциялары 0,3% өсті. "ҚазТрансОйл" АҚ Қырғызстанға мұнайдың алғашқы транзиттік жеткізілімін жүзеге асырғанын хабарлады. 2026 жылдың тамызында Қазақстан аумағы арқылы Қырғызстанға мұнай транзитінің жалпы көлемі 35 мың тоннаны құрады. Осы уақытта S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ рейтингін "BBB" деңгейіне дейін көтерді, болжам – "Тұрақты".

Қаржы секторының бағалы қағаздары аптаны түрлі бағыттағы серпінмен аяқтады: Kaspi.kz АҚ акциялары 1,1% өсті, ал "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акциялары мен "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акциялары тиісінше 0,2% және 0,8% төмендеді. "Банк ЦентрКредит" АҚ Директорлар кеңесі 2026 жылғы 10 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында банктің орналастырылған 6 819 732 жай акциясын бір акция үшін 4399 KZT бағамен кері сатып алу туралы шешім қабылдады.

"Эйр Астана" АҚ акциялары 1,9% төмендеді. Компания акциялар мен ЖДҚ-ны кері сатып алу бағдарламасы аясында бағалы қағаздарды кері сатып алуды жалғастыруда. Компания 2026 жылғы 24–28 тамыз аралығында жалпы сомасы $157 340,55 болатын 25 276 жаһандық депозитарлық қолхатты сатып алғанын хабарлады.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 16,06 %-ға дейін төмендеді. АҚШ долларымен бір күндік валюталық своп операцияларының кірістілігі апта ішінде жылдық 12,76 %-ға дейін төмендеді.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Тамыз айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 461,57 теңгеге дейін 2,6%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 389 млн АҚШ долларынан 415 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 8,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Биржа нарығында Ұлттық қордан сатылған валюта көлемі тамыз айында 200 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,3%-ын немесе күніне шамамен 9,5 млн АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айынан бастап Ұлттық Банк Ұлттық қормен операцияларды ішкі валюта нарығында да теңестіру тетігін іске асыруға кіріседі. Осы тетік аясында қыркүйек айында бұрын сатып алынған шетел валютасының сату көлемі 200 млн АҚШ долларынан бастап 300 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

Тамыз айында алтын сатып алуды теңестіру операциялары аясында шамамен 374 млрд теңге айналымнан алынды. Қыркүйек ішінде осы мақсатта 374 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтіледі.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру барысында нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды.

Ұлттық Банк тамыз айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валютадағы үлесін ұстап тұру мақсатында тамыз айында биржадағы сауда-саттықта жалпы сомасы 721 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 8,3%-ын құраған шетел валютасын сатып алды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.26)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2026, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 617,73 | -2,20 | -3,04 | -9,46 |
| USDKZT | 456,56 | -1,77 | -3,42 | -9,29 |
| EURKZT | 530,52 | -2,00 | -2,68 | -10,62 |
| CNYKZT | 68,03 | -1,63 | -2,93 | -5,65 |
| RUBKZT | 5,28 | -2,40 | -9,79 | -18,22 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 7 718,60 | 0,1 | -0,1 | 18,7 | 0,0 |
| Dow Jones | 53 414,25 | -0,3 | -1,7 | 17,1 | -0,3 |
| РТС | 819,85 | 5,3 | -8,5 | -26,4 | |
| ММВБ | 2 253,41 | 6,5 | -2,1 | -21,6 | |
| Hang Seng | 25 650,87 | 0,3 | -1,0 | 2,4 | 0,6 |
| SS CSI 300 | 4 548,05 | -1,3 | -2,4 | 4,2 | -1,2 |
| Euro Stoxx 50 | 6 392,93 | -1,4 | -1,3 | 19,6 | -1,5 |
| FTSEuroFirst | 7 174,50 | -1,0 | -1,4 | 19,0 | -1,0 |
| FTSE 100 | 10 831,09 | 0,1 | -0,5 | 17,5 | 0,1 |
| KASE | 8 111,85 | -0,2 | 3,0 | 13,8 | |

## Шикізат нарығы

04.09.2026

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 96,28 | 7,8 | 21,2 | 43,7 |
| Мұнай (WTI) | 91,48 | 9,7 | 21,6 | 44,1 |
| Табиғи газ | 2,98 | 3,0 | 10,7 | -3,2 |
| Мыс | 659,70 | 0,5 | -1,9 | 47,0 |
| Темір | 733,50 | -0,7 | 4,8 | -10,8 |
| Алтын | 4 429,98 | -0,6 | 4,3 | 24,9 |
| Күміс | 66,05 | -1,4 | 6,0 | 61,4 |
| Астық | 716,00 | -6,6 | 11,5 | 42,6 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 08.09 | ЖІӨ (тоқ/тоқ) (2-тоқсан) | JPY | 0,3% | 0,5% |
| 10.09 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қыркүйек) | EUR | 2,65% | 2,40% |
| 10.09 | Өндірушілер бағасының индексі (PPI) (а/а) (тамыз) | USD | 0,4% | 0,0% |
| 10.09 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш берілген өтініштер саны | USD | 205K | 206K |
| 10.09 | Шикі мұнай қорлары | USD | | -4,450M |
| 11.09 | ЖІӨ (а/а) (шілде) | GBP | 0,0% | 0,3% |
| 11.09 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (тамыз) | USD | 3,4% | 3,4% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 9,8% | 01.09.26 | 10,2% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 70,6 | 01.09.26 | 63,3 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 16 750,0 | 01.08.26 | 15 579,7 |
| Ақша масса, млрд KZT | 55 783,7 | 01.08.26 | 55 000,2 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB/A-2 тұрақты | 21.08.26 | BBB-/A-3 позитивті |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2026